


Бизнес-орта мен үрдістерге шолу

2023 ақпан

- Сыртқы шарттар
- Қазақстан экономикасының келешегі
- Тәуекелдер деңгейін бағалау
- Қазақстан экономикасы
- Бизнестің сұранысы
- Инфляция және халық табысы
- Халықтың сатып алу қабілеті
- Айырбас бағамы
- Банктердің өтемпаздығы
- Депозиттер
- Кредиттер

Сын-қатерлер мен проблемалар өрмегі



2022 2023

Басты үрдістер:

Тәуекелдер асырып көрсетілген болатын, енді олардың ауқымы тарылып, айқынсыздық табы да азаюда:

- Инфляция және оның болатынын тосу күдігі сейілуде;
- Қор нарықтары төменгі шектен өтті;
- Жұмыссыздық төмен;
- Сұраныс сақталуда;
- Жеткізілім байланыстары қайта қалпына келуде.

Рецессия мен стагфляция – енді қауіп төндіре алмайтын тәрізді.

Бірақ борышқа қатысты түйіткілді мәселе қалды.

ХВҚ-ның өсу болжамы – 2.9% (бұған дейін 2.7%)

Қазақстан экономикасының келешегі

Жиынтық ұсынысты қалпына келтіру

Жиынтық сұраныстың өсуі

Мүмкіндіктер




Шикізаттар мен тауарлар жеткізу тізбегін қалпына келтіру



Сыртқы жағдаяттың қолайлы болуы



Экономикалық белсенділіктің өсуі



Халық шығындарының тұрақталуы



Экономикаға мемлекеттен қолдау көрсету



Экономиканың сыртқы секторының оң сипатқа ие болуы

Сын-қатерлер



Импортқа тым тәуелділік



Шиеленісті геосаяси ахуал



Инфляцияның жоғары болып тұруы

Тәуекелдер деңгейін бағалау

CDS спреді, п.т.



CDS спреді – инвесторлардың тәуекелдерді бағалау көрсеткіші, Қазақстан мен АҚШ-тың 10 жылдық мемлекеттік облигацияларының айырмашылығы

Қазақстан экономикасы қалпына келіп, даму келешегі айқындала бастаған тұста спредтің қысқаруы

Қазақстан экономикасы

ЖІӨ нақты өсімі, %



2023 жылға болжам:


2.4-4.3%

Факторлар

- Қазақстан мұнайын әлемдік нарыққа жеткізуге қатысты ахуалдың тұрақталуы.
 - Мемлекеттік және ұлттық бағдарламалар.
 - Негізгі капиталға жұмсалатын инвестиция көлемін арттыру.
- Оңтайлы өсім 3.6%, 2020 жылғы сәтсіздіктің орнын толтыру үшін 4-4.5% қажет.

Экономиканың тежелуі немесе қызуының артуы

Экономика өсімінің өзінің әлеуетті деңгейінен ауытқуы, %



2022

өзінің әлеуетті деңгейіне өте жақын болды

Әлеует уақытша төмен болды – бұл ұсыныстың екпіні

2023 жылға болжам:

Шығарылым алшақтығы мына жайттардың есебінен оң сипатта болады:


- қазыналық ынталандыру;
- компаниялардың инвестициялық белсенділігінің артуы;
- жоғары экспорт;
- тұтынушылық несие берудің жоғары қарқынының сақталуы.

Шығарылымның оң алшақтығын мына жайттар береді:

- бизнестің кредитке сұранысы;
- инфляцияның өршуі, сәйкесінше Ұлттық Банктің жауабы;
- ЖІӨ жоғары өсу қарқыны.

Бизнестің сұранысы

2022 жылы негізгі капиталға жұмсалған инвестиция, өткен жылдың а/а, %



Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу

Өңдеуші өнеркәсіп

Құрылыс

2022 жыл


- Негізгі капиталға инвестиция - 15.1 трлн теңге (+7.9% ж/ж) немесе ЖІӨ-нің 14.8%-ы.
- Көңілсіз болжамдарға байланысты инвестициялық белсенділік өсімі төмен болды.
- Өңдеуші өнеркәсіп – ұзақ мерзімді несиеге деген сұраныстың төмен болғандығы.

2023 жылға болжам:

- Белсенділік пен қарыз ақшаға деген сұраныс артады.
- Сәйкесінше жабдықтарды сатып алу тарапынан бағамға және импортқа қысым күшейеді.

Инфляция және халықтың табысы

Инфляция және халықтың нақты ақшалай табысы, ж/ж %



2000 жылдан бері рекордтық инфляция

Себептері:

- Сыртқы инфляция – жеткізу тізбегі мен өндірістегі іркілістер, шикізаттық бағаның өсуі;
- Ішкі инфляция – теңгенің құнсыздануы, қазыналық ынталандыру.

2023 жылға болжам: 14.2-16.8%


- Әріптес-елдерде инфляция бәсеңдейді;
- Азық-түлік тауарларының әлемдік бағасы біртіндеп төмендейді;
- Қатал монетарлық саясат өз нәтижесін береді.

Соңғы 12 жылда халықтың нақты табысы рекордты түрде азаяды +2022 4тқс. атаулы табыс та азайды

Халықтың сатып алу қабілеті

2022 желтоқсанындағы Дастархан Индексі
Жақшада 2022 мамырымен салыстырғандағы
айырмашылық

Jusan Analytics Дастархан индексі ұлттық тағамдар топтамасы аясында қолданылатын танымал азық-түлік өнімдері негізінде жеке инфляцияны есептеп шығаруға мүмкіндік береді.*




Астана мен Алматы бойынша Jusan big-data деректері, ал қалған өңірлер үшін ресми статистика деректері қолданылды

**Индекс қазақстандықтардың орташа жалақыларының Дастархан тағамдарына арналған өнімдердің бағасына қатынасы ретінде есептеледі. Индекстің нәтижесі - Дастархан порцияларының саны. Демек орташа статистикалық қазақстандық өзінің орташа жалақысына осынша порция сатып ала алады деген сөз.*

Айырбас бағамы

Бағамның қозғалу екіпіні



Тұрақты айырбас бағамы

Себептері:

- Сыртқы сектор бойынша жақсы көрсеткіштер (ағымдағы шот 2014 жылдан бері тұңғыш рет оң сипатта);
- Тежеуші монетарлық саясат;
- Айырбас бағамына түсетін Қысым индексі төмендеуде.

2023 жылға болжам: бір доллар - 464-508 теңге

Қолдаушы күштер:


- Мұнай бағасының жоғары болуы және қазақстандық экспортқа сұраныстың артуы;
- Инфляцияның төмендеуі.

Көрсетілетін қысымдар:

- Ауқымды фискалдық ынталандырулар;
- ҚРҰҚ-дан трансферттердің азаюы;
- Мөлшерлемелердің күрт төмендеуі;
- Әлемдік пайыздық мөлшерлемелердің одан әрі көтерілуі.

Банктердің өтемпаздығы


Өтімді активтердің үлесі, %



- Өтімді активтердің жиынтық үлесі - **41%**
- Ең минималды деңгей - **20%**
- Банктердің барлығында дерлік өтімді активтердің жеткілікті қоры бар.
- Өтімділік бойынша қандай да бір қауіп байқалмайды

Депозиттер

Депозиттердің жүйедегі ай сайынғы өзгеруі, млн теңге



Депозиттердің көлемі - **31.6 трлн тг. +21%**

Құрылымы:


- жеке тұлғаларға тиесілі – **54%**
- корпоративтерге тиесілі – **46%**

Халық салымдарының өсу қарқыны заңды тұлғаларға қарағанда жоғары: 26% мен 17%, **бұл ретте бейрезиденттер салымдарының өсімі – 1 млн астам теңге**

Халық депозиттері


Халық депозиттерінің көлемі 18%-ға өсті

- Халық депозиттері ҚРҰБ халықтың ағымдағы шоттары және салымдары туралы 2022 жылғы деректері негізінде есептеледі
- Депозиттердің өсімі халық табысының атаулы түрде өсуімен қамтамасыз етілген



Кредит беру

Экономиканы кредиттеу айлық бөліністе




2022 жылы берілген кредит – 24.1 трлн теңге (+12%)

Беру құрылымы:

тұтынушылық – 36%, айналым қаражаты – 36%

Құрылыс және ипотека – 9%

Банк жүйесінде кредит беру әлеуеті, %




2022 жылдың соңына қарайғы кредиттік портфель – 24.2 трлн теңге (+20%)

Халыққа кредит беру


Халыққа берілген кредиттер көлемі 32%-ға өсті (дара кәсіпкерлік емес)

- Халыққа берілген кредиттер ҚРҰБ 2022 жылғы деректері негізінде есептеледі.
- Барлық өңірлерде халыққа кредит беру артып жатыр. Ол қазір қос таңбамен белгіленеді.



Халықтың кредиттері/депозиттері

- Халыққа берілген қарыздардың халық депозиттеріне қатынасы.
- Қатынастың 100%-дан жоғары болуы ақша жұмсау ниетінің ақша жинау ниетінен басым екендігін көрсетеді. Ал 90%-дан кем болуы облыста ақша жинау ниетінің кредит алуға деген ниеттен басым екендігін көрсетеді.





Сыртқы жағдайлар 2022 жылғы аса жағымсыз және әбігер күйден басқаруға икемді және шектеулі тәуекелдерге ауысты



2023 жылы Қазақстан экономикасы 2022 жылға қарағанда жақсы дамиды.



2023 жылы Қазақстан экономикасының дамуына сұраныс тарапынан да, ұсыныс тарапынан да жақсы үлес қосылады.



Бұл ретте сұраныс бәрібір ұсыныстың мүмкіндігінен жоғары болады. Бұл экономикалық белсенділіктің артуына серпін береді. Бірақ инфляциялық факторлар мен құрылымдық үйлесімсіздіктер сақталады.



2022 жылғы тоқыраудан кейін компаниялардың инвестициялық белсенділігі артады деп күтіледі.



Инфляция шегінеді, бірақ әлі де қос таңбалы мәнге ие болып тұрады.



Инфляциялық факторлар және халықтың «инфляция үдейді-ау» деген күдігінің әлі де басым болуы базалық мөлшерлеменің баяу төмендеуіне әсер етеді.



Мұнай мен ақша-несие шартының арқасында айырбас бағамы тұрақталады.

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
A25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат. analytics@jusan.kz

© 2023 ж., барлық құқықтар қорғалған.